

● Шаттық шеңбері:

● Дөңгеленіп тұрайық
Керегені құрайық.
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп
Киіз үйді құрайық.





Тақырыбы:
Біз қандай ата-анамыз?
(пікірталас-тренинг)



Мақсаты:

*Отбасы
тәрбиесіндегі
ата – ананың
балаға тәрбиелік
ықпалын
арттыру.*

*Тәрбиенің ең
тамаша жері
отбасы екенін,
олардың бала
тәрбиесіндегі
мүмкіндіктері
нің
жоғары екенін,
баламен қарым
– қатынасты
жақсарту*


*бала тәрбиесіне
көп көңіл
бөлудің
маңыздылығын
дәлелдеу.*



Өзіңді-өзің танысаң — істің басы

- *Жақсы немесе жаман қасиеттер*
- *Сіздер берілген парақтың оң жағына жақсы , сол жағына жаман қасиеттеріңізді жазасыздар.*
- *1.Қандай қасиеттерді көп жаздыңыздар?*
- *2.Осыған дейін осы қасиеттер жайлы ойланып көрдіңіз бе?*

● *“Бала деген кім?” туралы
әрбір ата-ана ой қозғау
жазады*



Бала

**Болашағ
ымыз**

**Асырау
шым**

**Бауыр
етіміз**

**Көмекші
м**

Үмітіміз

Бала

**Өмірімн
ің
жалғас
ы**

**Ақылш
ым**

Педагогикалық ойын

- *Сіздің балаңыз сізді қатты қуантты (бір ісімен) сіз не айтасыз? Қалай қолдайсыз? (Балаға мадақтау сөздерін айтып, мәреге бірінші жету).*

(Тамаша! Тіпті ертегідей зой! Сенсіз мен не істер едім? Өте жақсы! Мақтанышым менің! Мен де осындай нәтиже күтіп едім! Қандай қуанышты!)

Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар

I топ

- 1. Бала жақсы білімді болу үшін ата-аналардың міндеті қандай болуы керек?*
- 2. Баланың оқу үлгеріміне отбасының қарым — қатынасы әсерін тигізе ме?*

II топ

- 3. Сіз жұмыстан ашулы келдіңіз, балаңыз компьютер алдында отыр, үйдің іші жиналмаған, тамақ істелмеген, сіздің айтып кеткен тапсырмаңыз орындалмаған сіздің әрекетіңіз?*
- 4. Тоқсандық қорытынды бойынша сіздің балаңыз бір сабақтан үшке кетті делік. Сіздің іс-әрекетіңіз?*

Аялы алақан

*Ата-ананы балаларымен
ортаға шақырамыз. (Ата —
аналардың көздері байлаулы,
өз баласын қолынан танып алу
керек)*



Аялы алақанға байланысты өсиет әңгіме

- ***Жағдайлы бір отбасы баласын ешкімнен кем өсіргісі келмей барлық жағдайын жасайды. Қазіргі заманның озық технологиясымен жасалынған ойыншықтар, компьютер, тіптен қымбат телефонды да алып береді. Бірақ баласы осының бәріне қанағаттанбай, күнде ата-анасының жұмысқа кетпеуін өтінеді. Ата-анасы жұмысқа бармаса болмайтынын, ақша табатынын баласына түсіндіреді. Ал, баласы осы сәтте ата-анасының күніне қанша ақша табатынын сұрап біледі.***
- ***Бала сол күннен бастап ата-анасының өзіне тастап кетіп жүрген ақшасын жұмсамай жинай бастайды. Жинаған ақшасы ата-анасының бір күндік табысына жеткен күні бала ата-анасына өтініш жасайды.***
- ***— Әке, ана! Бүгін жұмысқа бармай бір күндеріңізді маған қиыңыздаршы.***
- ***Бір күнгі табыстарыңызды мен төлейін депті.***

Біздің балалар

(ата-анаға кеңес)



Жүректен жүрекке:

*Құрметті ата-аналар! Енді осы
балапандарымызға жүрегімізден
шыққан жылы сөздеріңізбен,
тілектеріңізді жүрекшеге
жазып, ұсынайық.*



Рефлексия

Орташа



Жақсы



Өте жақсы



Ой-толғаньыс

Ата-ананың жеке басының әсері балаға күн сәулесімен бірдей, мұны басқа ешбір нәрсемен ауыстыру мүмкін емес .

Құрметті ата-аналар, сіздерден баладан жүрек жылуын аямай балаға бір сәт болса да, бала көзімен қараңыз дей отырып бүгінгі тренингке қатысқандарыңызға көп-көп рахмет айтамыз!